

**Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі
және Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау
министрлігі арасындағы негізгі трансшекаралық өзендердің
шекаралық гидробекеттерінің гидрологиялық және гидрохимиялық
ақпараттарымен (мәліметтермен) өзара алмасу жөніндегі
келісім**

Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі
және Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
(бұдан әрі Тараптар деп аталатын),

2001 жылғы 12 қыркүйекте қол қойылған Қытай Халық
Республикасы Үкіметі және Қазақстан Республикасының Үкіметінің
арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау
саласындағы ынтымақтастық туралы келісім рухын басшылыққа ала
отырып,

трансшекаралық өзендерді бірігіп пайдалану және қорғау үшін
гидрологиялық және гидрохимиялық ақпараттармен өзара алмасудың
маңыздылығын ескере отырып,

Қытай Халық Республикасы және Қазақстан Республикасы арасындағы қазіргі достық қарым-қатынас және дәстүрлі ынтымақтастықты күшейтуге дайындықты білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті.

1-бап

Достық ынтымақтастық, өзара тиімділік, өзара сенімділік және теңдік негізінде Тараптар негізгі трансшекаралық өзендердің гидрологиялық және гидрохимиялық ақпараттарымен өзара толық құқықылы алмасуға келісті.

2-бап

Осы келісімде келесі түсініктер пайдаланылады:

1. «Гидрологиялық ақпарат» - келісілген көрсеткіштер бойынша трансшекаралық өзендердің сулық және физикалық сипаттамасы бойынша жүйелі бақылаулар нәтижесі.

2. «Гидрохимиялық ақпарат» - келісілген ингредиенттер бойынша трансшекаралық өзендері суының сапалық сипаттамасы бойынша жүйелі бақылаулар нәтижесі.

3-бап

Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қытай-Қазақстан Біріккен комиссиясы, атқарушы органдармен орындалатын, негізгі трансшекаралық өзендер бойынша ақпараттармен алмасудың тиісті нақты Тәртібін құруға, Біріккен комиссия бекіткеннен кейін, сарапшылардың жұмыс тобын өкілетті етеді. Тәртіп өз ішінен трансшекаралық өзендердің, гидробекеттердің, бақылау тұстамаларының тізімін, ақпаратпен алмасудың техникалық нақтылығын, мәліметтермен алмасудың әдісін, уақытын және өзге де тармақтарды қосады.

4-бап

Қытай Тарапынан атқарушы орган: Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігінің Гидрология бюросы.

Қазақстандық Тараптан атқарушы орган: Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазгидромет» РМҚ.

Тараптар дипломатиялық каналдар арқылы атқарушы органдардың аталуын өзгерту және оларды қайта тағайындау жөнінде хабардар етеді.

5-бап

Тараптар осы Келісімді жүзеге асырумен байланысты тиісті шығындарды жеке атқарады.

6-бап

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде таластар және келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар кеңестер және келіссөздер жолымен шешетін болады.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша, осы Келісімге Тараптармен айқындалған, хаттамалар немесе өзге құжаттар түрінде ресімделген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, және ол осы Келісімнің бөлінбес бөлігі болып табылады.

8-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Осы Келісім 2001 жылғы 12 қыркүйекте қол қойылған, Қытай Халық Республикасы Үкіметі және Қазақстан Республикасының Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін өз күшінде қалады.

Осы Келісім 2006 жылдың « 20 » желтоқсанда қол қойылды, екі дана, әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде, барлық мәтіннің бірдей күші бар.

**Қытай Халық Республикасының
Су шаруашылығы қорғау
министрлігі үшін**

**Қазақстан Республикасының
Қоршаған ортаны
министрлігі үшін**

